

Казакстан Республикасы
әділет министрлігі
Астана қаласының әділет
департаменті
Занды тұлғага мемлекеттік
жайта тіркеу жүргізу
2009 09 30 12:00
Күнінде
Алғашқы тіркеленген күні 2009-09-30

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
**ЕҢГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**
2009 09 30 12
БСН 010340000943
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2009-09-30



«КазАгро» ұлттық басқарушы
ООО «АгроАстана» АҚ Директорлар
Кеңесінан 2009 жылғы 25
караңадағы №23 шешімімен
БЕКЕТІЛГЕН:

**«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Астана қ., 2009 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы Корпорацияның атаяуын, орналасқан жерін, заңды мәртебесін, мақсатын, қағидаттарын және қызметінің негізгі түрлерін, қалыптастыру тәртібі мен басқару органдарының күзыретін, қайта үйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді белгілейді.

2. Қоғамның атаяуы:

мемлекеттік тілде:

толық атаяу: «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы;

қысқартылған атаяу: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ;

орыс тілінде:

толық атаяу: акционерное общество «Аграрная кредитная корпорация»;

қысқартылған атаяу: АО «Аграрная кредитная корпорация»;

ағылшын тілінде:

толық атаяу: Joint Stock Company «Agrarian Credit Corporation»;

қысқартылған атаяу: JSC «Agrarian Credit Corporation».

3. Қоғамның (Қоғамның атқарушы органының) орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Сарыарка ауданы, Желтоқсан көш. 28а.

4. Қоғамның корпоративтік веб-сайты – www.agrocredit.kz.

5. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмеген.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Қоғам «Аграрлық секторды несиелеу мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысы және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы №220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы №1247 қаулысы негізінде әрекет жасайды.

7. Қоғам акционерлік қоғамның үйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық үйім болып табылады, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг немесе Жалғыз акционер) оның жалғыз акционері болып табылады, өз балансы, банк шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алғып, іске асыра алады, жауап беруге, сотта талапкер және жауап беруші болуға мүмкіндігі бар. Қоғам Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесін алды.

8. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны (бұдан әрі - Жарғы) басшылыққа алады.

9. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестіктің негізінде іске асырылады. Қоғамның қызметін қаржыландыру

жарғылық капитал қаражатының, табыстың, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен іске асырылады.

10. Қоғамның мөрі, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген бланкілері, өз тауар таңбасы мен нышандары бар, олардың үлгілері Қоғам Басқармасымен бекітіледі және белгіленген тәртіпте тіркеледі, мемлекеттік және орыс тілдерінде мөртабандары, корпоративтік веб-сайты, сондай-ақ қызметін іске асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

11. Қоғам Заңнамада белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

12. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мұдделі адамдар Жарғымен танысуға құқылы.

4. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ, ҚАҒИ ДАТТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

13. Жалғыз акционердің мұдделеріне пайдалану үшін табыс шығарып алу, Жалғыз акционер белгілеген міндеттерді орындау Қоғам қызметінің мақсаты болып табылады.

14. Қоғам қызметінің қағидаттары:

1) Қоғам қызметінің мемлекеттік аграрлық саясаттың басымдықтарына және Заңнамаға сәйкес болуы;

2) Қоғам қызметінің жариялышы;

3) Қоғам қызметінің ашықтығы мен айқындығы.

15. Қоғам жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүргізеді:

1) ауыл шаруашылығы секторын қолдау бойынша үкіметтік бағдарламаларды іске асыру;

2) агроОнеркәсіптік кешенде өзінің жобаларын іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;

3) агроОнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды өзірлеу мен іске асыру;

4) берілген қаражатты өтеу есебінен алынған кепілдік мүлік пен ауыл шаруашылығы өнімін іске асыру;

5) тиісті лицензияның негізінде банктік қарыз операцияларын іске асыру;

6) лизингтік қызметті іске асыру.

16. Қоғамның қызметі Жарғыда көрсетілген қызмет түрлерімен ғана шектелмейді. Қоғам Холдингпен келісім бойынша Қоғамның дамуының стратегиялық құжаттарына сәйкес Заңнамаға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

17. Қызметтің жекелеген түрлерін жүргізу үшін уәкілетті органдардың арнағы рұқсатнамасы (лицензия, сертификат) талап етілсе, Қоғам қызметтің бұл түрлерін заңнамада белгіленген тәртіпте тиісті рұқсатнама (лицензия, сертификат) алған соң ғана және осыған сәйкес жүргізеді.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

18. Қоғамның заңнамада көзделген барлық құқықтары бар және міндет атқарады.

19. Қоғамның Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлкі бар және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты.

20. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, бұл ретте мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

21. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасай алады, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарға және міндеттерге ие бола алады, сotta талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ заңнамаға қайшы келмейтін өзгे әрекеттерді жүзеге асыра алады.

22. Қоғам сақтау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» мен басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығын алуға және табыстауға құқылы.

23. Қоғам шығарылым, орналастыру және өтеу талаптары мен тәртібі заңнамада белгіленетін бағалы қағаздар шығарылымын жүргізе алады.

24. Қоғам Қазақстан Республикасынан тыс жерде және шетелде орналасқан филиалдар мен өкілдіктерді құра алады. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды және олар туралы бекітілген Ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет етеді. Қоғам өз мүлкінің есебінен оларға негізгі және айналым қаражатын береді және заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін айқындайды. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және жалпы Қоғамның балансында есепке алынады.

25. Филиалдар мен өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді ішкі құжаттарда белгіленген тәртіпте Қоғам Басқармасының төрағасы тағайындастын және сенімхат негізінде әрекет ететін адамдар іске асырады.

26. Қоғам қызметкерлердің еңбекақысына, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамуға, табысты үлестіруге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға қатысты барлық мәселелерді өзі шешеді.

27. Қоғам Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс аймақтарда орналасқан банктер мен басқа қаржылық мекемелерде үлттық, сондай-ақ шетел валютасында белгіленген тәртіпте шоттар ашуға құқылы.

28. Қоғам заңнамаға сәйкес қазақстандық, шетелдік заңды және жеке тұлғалардан тенгелей және шетел валютасында қарыз алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

29. Қоғам ішкі құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

30. Қоғам заңнамада және Жарғыда көзделген басқа құқықтарға ие бола алады және міндеттемелерді орындауды.

6. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

31. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

32. Жалғыз акционер құқылы:

1) заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға катаисуга;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционермен немесе Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуга;

4) Қоғамның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелерді тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін (сайлауға) тағайындауға;

6) Қоғамның органымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша өтінімдермен жүгінуге және Қоғамға отінім түскен күннен бастап отыз күн ішінде себепті жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған жағдайда мұліктің бөлігіне;

9) заңнамалық актілерде көзделмеген жағдайларды қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіпте акцияларын немесе акцияларға айырбасталатын Қоғамның басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

10) заңнамаға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін Директорлар кеңесіне қосымша мәселелер енгізуі ұсынуға;

11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге;

12) Қоғамға өз есебінен аудиторлық ұйымның аудит жүргізуін талап етуге.

33. Жалғыз акционердің заңнама мен Жарғыда көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін.

34. Қоғамның Жалғыз акционері міндетті:

1) заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіпте акцияларға төлем жасауға;

2) он күн ішінде Қоғамның тіркеушісіне және акциялардың номиналды ұстаушысына Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлама беруге;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Қоғамның немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жарияламауға;

4) заңнамага сәйкес өзге міндеттерді орындауға.

35. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі Жалғыз акционер Жарғының 34-тармағы 2) тармақшасында белгіленген талапты орындағаны үшін жауап бермейді.

7. ҚОҒАМНЫҢ МҰЛКІ

36. Қоғамның мұлкі:

- 1) Жалғыз акционердің Қоғам акциялары төлеміне тапсырған мұлкі;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кіріс;
- 3) заңнамада тыйым салынбаған негіздемелер бойынша сатып алынған өзге мұлкі есебінен қалыптастырылады.

8. АКЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАГАЗДАР

37. Қоғам акциялар, облигациялар, айырбасталатын және басқа, оның ішінде туынды, бағалы қағаздар шығарылымын жүргізуге құқылы. Қоғамның бағалы қағаздар шығару, орналастыру, айналыс және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздаррынды туралы заңымен белгіленеді.

38. Қоғам жай акциялар ғана шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге қарауға шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысы болған жағдайда дивидендтер алуға және заңнамада белгіленген тәртіпте Қоғам таратылған жағдайда оның мұлкінің бөлігін алуға құқық береді.

39. Акциялар шығарылымы құжатсыз нысанда жүргізіледі.

40. Жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (іске асыру), оның ішінде Қоғам орналастыратын (іске асыратын) акциялар саны туралы, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілдері мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

41. Қоғам акцияларды акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше рет орналастыру жолымен олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен соң орналастырады.

42. Орналастырылатын акциялардың төлеміне заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мұлкітік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мұлкі енгізілуі мүмкін.

Ақшадан баска өзге мұлікпен төлеу заңнамаға сәйкес берілген лицензияның негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілеген баға бойынша іске асырылады.

43. Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімі жүйесін Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүргізеді, ол заңнамаға сәйкес Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс.

44. Қоғам:

- 1) кепілге салынатын бағалы қағаздар толық төленген;

2) Қоғам кепілге салған және оның кепілдігіндегі акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырған акцияларының жиырма бес пайызынан аспайтын болса, Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда;

3) акциялар кепілі туралы шартты Жалғыз акционер мақұлдаған жағдайдаған орналастырылған бағалы қағаздарды кепілге алады.

9. ДИВИДЕНДТЕР

45. Иелігіндегі акциялар бойынша Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Қоғаммен төленетін Жалғыз акционердің табысы дивиденд болып табылады.

46. Дивидендтер ақшалай, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге Жалғыз акционердің жазбаша келісімімен Қоғамның жарияланған акциялары және Қоғам шығарғаң облигациялар болсағанда жол беріледі.

47. Қоғамның Басқармасы акцияларға дивидендтер көлемінің болжамды көрсеткіштерін Жалғыз акционерге жоспарлының алдындағы жылдың 1 наурызына дейін тапсырады.

48. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындылары бойынша іске асырылады. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

49. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер оны есептеу туралы шешім қабылдаған жағдайда Жалғыз акционермен белгіленген мерзімде төленеді.

50. Жалғыз акционер заңнамада және Жарғыда көзделген өкілеттігі шегінде жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімді бұқаралық аппарат құралдарында шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде міндетті түрде жариялап қабылдауға құқылы.

51. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық аппарат құралдарында жариялануы тиіс.

Дивидендтер төлеу туралы шешімнің мазмұнында мынадай мәлімет болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктің және басқа деректемелері;
- 2) дивидендтер қандай мерзім үшін төленеді;
- 3) бір жай акция есебінен дивидендтің көлемі;
- 4) дивидендтер төлемі басталу күні;
- 5) дивидендтер төлеу тәртібі мен нысаны.

52. Дивидендтер орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ оғт немесе Қоғамның Жалғыз акционері оны тарату туралы шешімді қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

53. Қоғамның жай акциялары бойынша Жалғыз акционерге дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) Қоғамның меншікті капиталының көлемі теріс болса немесе Қоғамның меншікті капиталының көлемі акциялар бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес Қоғамның төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілері болса немесе осы белгілер Қоғамда акциялар бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса.

54. Жалғыз акционер Қоғамның берешегі қалыптасу мерзімінен тәуелсіз алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Төлем үшін белгіленген мерзімде дивидендтер берілмесе, Жалғыз акционерге ақшалай міндеттемесі немесе оның тиісті бөлігі орындалу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасына жүгіне отырып есептелетін дивидендтердің негізгі сомасы мен өсім төленеді.

55. Жарғының 53-тармағын бұзатын әрекеттер Қоғамның кредит берушілерінің мүддесіне залал келтіретін деп қарастырылады және кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

56. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер атынан Холдингтің Директорлар Кеңесі;
- 2) басқару органы-Директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма;
- 4) қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін орган - Ішкі аудит қызметі.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

57. Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырстіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Заңнамаға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің функцияларын атқаратын Холдингтің Директорлар Кеңесімен қабылданады және ол белгілеген тәртіpte ресімделеді.

Қоғамның акцияларын іске асыру туралы шешім Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысын қабылдау жолымен қабылданады.

58. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан соң бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Белгіленген мерзім Қоғам қызметіне есепті кезең үшін аудитті аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған деп саналады.

59. Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін, Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер өзірлеу Қоғамның Басқармасымен, Қоғамның тіркеушісімен, онымен жасалған шартқа сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесімен жүргізіледі.

60. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару Қоғамның Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша жүргізіледі.

61. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған өзге мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару Қоғамның Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің бастамасы бойынша жүргізіледі, ал ерікті тарату процесінде Қоғамның тарату комиссиясының бастамасымен.

Занамада және Қоғамның Жарғысында мәселелерді міндettі түрде Жалғыз акционердің қарауына шығару жағдайлары көзделуі мүмкін.

62. Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару бойынша шығындарды Қоғам көтереді, занамада белгіленген жағдайларды қоспағанда.

63. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша құқыққа сәйкес және негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

64. Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылған үміткерлер туралы мына ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) тегін, атын, сондай-ак қалауы бойынша - әкесінің атын;
- 2) білімі туралы мәліметті;
- 3) Қоғамға аффилиирленгендігі туралы мәліметті;
- 4) соңғы үш жыл ішінде жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметті;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпаратты.

65. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені шығарған жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылып отырған үміткер Жалғыз акционердің өкілі болып табыла ма және (немесе) Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табыла ма екені көрсетілуге тиіс.

66. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарға:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есебі;
- 2) жылдық қаржы есебіне аудиторлық есеп;
- 3) откен қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібі және Қоғамның бір жай акциясы есебіне бір жылға дивидендтің көлемі туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) Жалғыз акционердің қарауына мәселелер шығаруға мүдделінің бастамасы бойынша басқа құжаттар.

67. Жалғыз акционердің шешімі Қоғамның Басқармасында сақталуы тиіс және танысу үшін кез келген уақытта Жалғыз акционерге тапсырылады. Жалғыз акционердің талабы бойынша Жалғыз акционердің шешімінің көшірмесі тапсырылады.

12. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

68. Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпорациялық басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялар санын (жарияланған акциялар, оның ішінде Холдинг төлейтін акциялар санын анықтау) ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялар түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғам акцияларын орналастыру (іске асыру) туралы, соның ішінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастырудың тәсілі мен бағасы туралы;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшерін және төлем жүргізу талаптарын белгілеу;
- 8) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) Қоғамның жылдық қаржы есебін бекіту;
- 10) есепті қаржы жылты үшін Қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясы есебінен дивидендтің көлемін бекіту;
- 11) Жарғының 53-тармағында кәзделген жағдайларда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13) сомасы Қоғамның барлық активтерінің жиырма бес және одан астам пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін тапсыру жолымен басқа заңды тұлғалар құруга немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысусы туралы шешім қабылдау;
- 14) заңнамаға сәйкес Қоғам сатып алған жағдайда акциялардың құнын анықтау әдістемесіне (егер Қоғам құрылу кезінде бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) енгізілетін өзгерістерді бекіту;
- 15) Қоғамның мұдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдауы, егер мұндай шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдай алмаса;

16) заңнамаға, осы Жарғыға және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған Қоғамның ішкі құжаттарын, Қоғамның тәуелсіз директорлары мен дивидендтік саясаты туралы ережені қоса бекіту;

17) Жалғыз акционердің отырысының күн тәртібін бекіту;

18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу, оның ішінде заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

19) осы Жарғыға және заңнамаға сәйкес шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер

69. Шешім қабылдау Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жататын мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне тапсыруға жол берілмейді, егер Заңнамамен өзге көзделмеген болса.

70. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылды.

13. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

71. Директорлар кеңесі заңнамамен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жүргізеді және Директорлар кеңесі Жалғыз акционер бекіткен Директорлар кеңесі туралы ереже негізінде әрекет жасайды. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бөлімде белгіленген тәртіpte қабылданады.

72. Егер өзгеше заңнамада белгіленбеген болса, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесінің, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің, тиімді ішкі бақылау жүйесінің болуын қамтамасыз ету;

3) Жалғыз акционердің қарауына мәселелер шығару;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу туралы және оны сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;

6) Жалғыз акционерге аяқталған қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жылдың дивиденді мөлшері туралы ұсыныстар жасау;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын белгілеу;

8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, тәрағаның орынбасарларын және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ак олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

- 9) Басқарма төрағасының, төрағаның орынбасарлары мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақы төлемі мен сыйақы беру тәртібін белгілеу;
- 10) Басқарманың жылдық есебін жыл сайын бекіту;
- 11) қаржылық жағдайды, тәуекелдер жағдайын және т.б. бағалау үшін Қоғам есептілігінің мерзімді талдауы (есептер тізбесін Директорлар кеңесі белгілейді);
- 12) Қогамдағы ішкі бақылау ресімдерін сақтауды белгілеу мен оларды бақылау және тиісті жылға Ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспарын бекіту;
- 13) тәуекелдер бойынша жиынтық лимиттерді бекіту және ауытқудың мүмкін деңгейлері;
- 14) ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін жақсарту жөніндегі сыртқы аудиторлардың қорытындылары мен ұсынымдарының талдауы;
- 15) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін (қызметкерлерін) тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 16) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның құзыреті мен функцияларын, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы мен сыйақы мөлшері мен талаптарын белгілеу, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі туралы ережені, оның қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту және оларға тәртіптік жазаны қолдану туралы шешімдерді қабылдау;
- 17) корпорацияның хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпорация хатшысының лауазымдық еңбекақысының көлемін және сыйақы талаптарын белгілеу, Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережені бекіту;
- 18) тәуекелдерді басқару үшін жаупаты құрылымдық бөлімше жұмысының тәртібін, оның құзыреті мен функцияларын, еңбекақысы мен сыйақы мөлшерлерін және шарттарын белгілеу, оның басшылары мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, мұндай құрылымдық бөлімше және оның қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы Ережені бекіту;
- 19) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акциялары төлеміне тапсырылған немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жоніндегі бағалаушының көрсетілген қызметіне төлем мөлшерін белгілеу;
- 20) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер бекітетін, Басқарма қабылдайтын құжаттардан басқа), оның ішінде Қоғамның аукциондар жүргізуін және бағалы қағаздар жазылымының талаптары мен тәртібін, Директорлар кеңесінін Есептік саясаты мен Жұмыс регламентін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 21) мына салаларда тиісті саясаттар мен ресімдерді бекіту:
 - Қоғамның қызметін корпоративтік басқару қағидаттары;
 - Қогамдағы мұдделер дауын реттеу;

- тәуекелдердің барлық түрлерін басқару.
 - 22) Комитеттерді құру, олардың қалыптасуы мен жұмыс тәртібін, құрамдарын, қызметі мен өкілеттіктер аясын белгілеу, олар туралы Ережені бекіту;
 - 23) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
 - 24) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның басқа үйымдарды жасауда және олардың қызметіне қатысуы, сондай-ақ олардағы үлестер мен акцияларды шеттету туралы шешім қабылдау;
 - 25) Қоғамның өзге заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайзынын сатып алуы туралы шешім қабылдау;
 - 26) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайзы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне қатысты қызмет мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;
 - 27) жеке капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерге қоғамның міндеттемелерін арттыру;
 - 28) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;
 - 29) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын басқа құпия болып табылатын Қоғам не оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
 - 30) ірі мәмілелер және Қоғам мұдделі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
 - 31) Қоғам дамуының жоспарын және оны орындау туралы есепті бекіту;
 - 32) Қоғамның бюджетін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 33) Қоғам Басқармасының бюджетті орындау, провизияның қалыптасуы, Қоғамның несие портфелінің жағдайы және басқалары туралы есептерін қарau;
 - 34) Қоғам қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) бекіту;
 - 35) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне қатысты емес заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.
73. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның Басқармасына шешім үшін тапсырылмайды.
- Директорлар кеңесі Жарғыга сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауга, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайши келетін шешімдер қабылдауга құқы жоқ.
74. Қоғамның Директорлар кеңесі бір қарыз алушыға/аффилииленген тұлғалар тобына несиелеу мәселелері бойынша өкілеттіктердің лимитін белгілейді, оның шегінде Басқарма несиелеу бойынша шешімдерді дербес шешім қабылдауга немесе несиелеу бойынша шешім қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді Қоғамның уәкілетті органдарына (кредит комитеттеріне) немесе Басқарма мүшелеріне беруге құқылы.

75. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Қоғамның акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционер мұдделерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне тағайындауға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде уш адамнан құрылуға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі мүшелері санының үштен бір бөлігінен аз болмауға тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар заңнамада және Қоғамның Жарғысында белгіленеді.

76. Басқарма мүшелері, Басқарма төрағасынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін емес. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлануы мүмкін емес.

77. Директорлар кеңесінің құрамына Холдингтің өкілі (өкілдері), лауазымы бойынша Қоғам Баскармасының төрағасы, тәуелсіз директорлар кіреді. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып Холдингтің өкілі сайланады.

78. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар заңнамада өзге көзделмеген жағдайда, шектеусіз қайта сайланана (тағайындала) алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте тоқтатылады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүргізіледі.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтап, Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, сонғының өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі толық тоқтаған кезде бір уақытта тоқтатылады.

79. Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайтын тұлғалар:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте өтемеген немесе соттан босатылмаған тұлға;

2) белгіленген тәртіппен оны мәжбүрлі тарату, акцияларды мәжбүрлі сатып алу, консервациялау мен банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтында кезеңде бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, өзге заңды тұлғаның бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға. Аталмыш талап белгіленген тәртіппен оны мәжбүрлі тарату, акцияларды мәжбүрлі сатып алу, консервациялау мен банкрот деп тану туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жыл ішінде қолданады.

80. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен құпия түрде дауыс

беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы

81. Директорлар кеңесінің төрағасы заңнамада және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыртады және төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттама жүргізуін ұйымдастырады;
- 4) Қоғамның атынан Қоғамның Басқарма төрағасымен Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық еңбекақы көлемін белгілеп, еңбек шартын, материалдық жауапкершілік туралы шарт және өзге де шарттарды жасасады. Бұл ретте еңбек шарты Басқарма төрағасының материалдық көтермелегендің Қоғам қызметінің нәтижесіне тікелей тәуелді екенін көздеуі тиіс;
- 5) Қоғам атынан корпоративтік хатшымен, Ішкі аудит қызметінің басшыларымен және қызметкерлерімен, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшениң қызметкерлерімен еңбек шартын (қосымша келісімді) жасайды;
- 6) Ішкі аудит қызметі басшыларының және қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді.

82. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндетін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүргізеді.

83. Директорлар кеңесінің отырысы Қоғам төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

84. Директорлар кеңесі отырысын шақырту туралы талап Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізілген тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің төрағасына тапсырылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырыс шақыртуға наразылық білдірсе, бастамашы осы талапты Басқармаға хабарлауға құқылы, бұл ретте Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын шақырту туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқармасы шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы осы талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен жүргізіледі.

85. Директорлар кеңесінің отырысын жүргізу туралы хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен белгіленеді.

Күн тәртібіне өзгерістер және/немесе қосымша мәселелерді енгізу отырысты өткізу үшін кворум болған кезде отырысқа қатысушы мүшелердің

көпшілігі мұндай өзгеріспен келісken жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысының өзінде мүмкін.

86. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі жоқ екендігі туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

87. Директорлар кеңесін жүргізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кемінде жартысын қурайды және қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелері (олардың дауыс беруі жазбаша түрде көрсетілген жағдайда) есебімен анықталуы мүмкін.

88. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғының 87-тармағында белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселесін шығаруға міндетті.

89. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырыска қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады, егер заңнамада және осы Жарғыда өзгеше көзделмеген жағдайда. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің өзге мүшесіне беруіне жол берілмейді. Директорлар кеңесінің мүшелері ол болмағанда Директорлар кеңесінің кез келген отырысына қатысу үшін өз өкілін тағайындауға құқылы емес.

Дауыстар саны тең болса, Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық не ішінara келіспеген жағдайда, ол өзінің келіспеуін дауыс беруге ұсынылған мәселе бойынша ерекше пікірі түрінде баяндауға міндетті, оны Директорлар кеңесінің тікелей тәртіппен өткізілген отырысының хаттамасында Директорлар кеңесінің хатшысы (корпоративтік хатшы) бекітеді. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша түрде көрсетілуге және толтырылған біллетенъге қоса берілуі тиіс.

Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері қатысатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

90. Директорлар кеңесі Қоғамның мұддесі бар мәміле бойынша шешім қабылдауға тиіс болған жағдайда, шешім қабылдау үшін дауыстардың қажетті саны заңнама бойынша мәмілеге мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде екі дауысын қурауға тиіс. Қоғамның мүдделі мәмілені жасауы туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Директорлар кеңесінің мұндай мәмілені жасау туралы шешім қабылдау үшін дауыстардың қажетті саны жоқ болған жағдайда, оны жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

91. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын бастамашысының қарауы бойынша Директорлар кеңесіне қарауға тапсырылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесімен шешім қабылдау сырттай дауыс беру арқылы да жүргізілу мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетенъдер қолданылады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде тапсырылған бюллетенъдерде кворум болған жағдайда қабылданады.

92. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және оған хатшы (корпоративтік хатшы) мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюға тиіс, сондай-ақ онда:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделу күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) отырысты шақыртқан тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешім;
- 8) басқа да мәліметтер болуға тиіс.

Шешімді ресімдеу күнінен бастап жиырма күн ішінде шешім қабылдауға негіз болған бюллетенъдермен қосымша Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

93. Тікелей тәртіpte жүргізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері отырыста төрағалық етуші тұлғамен және Директорлар кеңесінің хатшысымен (корпоративтік хатшысымен) құрастырылып, қол қойылатын хаттамамен отырыс өткізу күнінен бастап үш күн ішінде ресімделеді және онда:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) отырыска қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер болуға тиіс.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетенъдер Қоғамның мұрагатында сақталады.

94. Қоғамның хатшысы (корпоративтік хатшысы) Директорлар кеңесі мүшелерінің талабы бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамаларын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға міндетті және (немесе) Қоғамның хатшысымен (корпоративтік

хатшысымен) қол койылған және мәр бедерімен расталған хаттамадан және шешімнен көшірмелер беруге міндettі.

14. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРИ

95. Аса маңызды мәселелерді қарастыру үшін және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда мынадай мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің Комитеттері күрылуы ықтимал:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) заңнамада және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

96. Директорлар кеңесінің Комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан күрылады.

Комитеттің мүшелерін, Комитеттің төрағасын қоса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері санынан тағайындалды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі Комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің сарапшылары ретінде тиісті білімі бар Қоғамның қызметкерлері тартылуы мүмкін. Директорлар кеңесі өзге жеке тұлғаларды сарапшылар ретінде тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

97. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қалыптасуы және жұмыс тәртібі, сандық құрамдары, сондай-ақ олардың Қоғамның Директорлар кеңесімен өзара әрекеттесу рәсімдері Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.

15. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

98. Ағымдағы қызметті Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы ереженің негізінде әрекет ететін Қоғам Басқармасы басқарады. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

- 1) заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғам атынан мәміле жасайды;
- 2) кредиттеуді, каржыландыруды ұйымдастыру, ақшаны сактау, есеп пен есептілік мәселелерін қарайды;
- 3) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) есепке ала отырып, Қоғамның орталық аппаратының, филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымын және штаттық кестесін бекітеді;

- 4) Қоғам филиалдарының, өкілдерінің жұмысын үйлестіреді және оған бағыт береді;
- 5) шешімдер (отырыстың қаулысы, хаттамасы, сырттай отырыстың шешімі) шығарады және Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауына міндетті нұсқаулар береді;
- 6) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;
- 7) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 8) Қоғамның жеке капиталының мөлшерінен 2-ден 10 пайызға дейін сомаға Қоғам міндеттемелерін арттыру туралы шешімдер қабылдайды;
- 9) Қоғамдағы ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару рәсімдерін өзірлейді және енгізеді;
- 10) әр тексерістің нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің және сыртқы аудиторлардың есептеріне талдау жүргізеді және Директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шараларды қолдану жөнінде ұсыныстар жасайды;
- 11) 5 жылға арналған Қоғамның Стратегиялық даму құжаттары жобаларын және орындау туралы есептерді дайындайды;
- 12) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне катысты емес Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

99. Қоғамдағы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, Басқарма:

- 1) тәуекелдерді басқару бойынша саясатқа, тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдеріне және деңгейлеріне сәйкес Қоғам шалдығатын тәуекелдерді басқаруды күнделікті негізде іске асырады;
- 2) Қоғамның стратегиялық даму құжаттарының іске асырылуын және ішкі саясаттар мен рәсімдердің жетілдіруін қамтамасыз етеді, соның ішінде мүмкін тәуекелдерді айқындастырын және Қоғамның стратегиялық мақсаттарымен үйлесімдігін қамтамасыз ететін.
- 3) Директорлар кеңесінің бекітілуіне ұсынылатын тәуекелдерді басқарудың тиісті саясаттары мен рәсімдерін қарайды, сондай-ак Директорлар кеңесіне Басқарма өзгерту қажет деп санайтын тәуекелдерді басқарудың тиісті саясаттары мен рәсімдеріне немесе тәуекелдерді басқару бойынша бақылау деңгейлеріне өзгерістер енгізу бойынша ұсынымдар жасайды;
- 4) тәуекелдер бойынша жиынтық лимиттердің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 5) Қоғамның Директорлар Кеңесі белгілеген бір қарыз алушыға/аффилиирленген тұлғалар тобына кредиттеу мәселелері бойынша өкілеттіктер лимиті шегінде кредиттеу бойынша шешімдерді дербес қабылдайды немесе кредиттеу бойынша шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді Қоғамның уәкілетті органдарына (кредит комитеттеріне) немесе Басқарма мүшелеріне береді;

- 6) қаржылық жағдайды, тәуекелдер деңгейін және т.б. бағалау үшін Қоғамның есептілігін ай сайын талдайды (Есептердің тізбесін Басқарма бекітеді);
7) Қоғамның жеке капиталының жеткіліктігін сақтау бойынша шаралар белгілейді;
8) өтімділіктің жеткіліксіздігіне байланысты төтенше жағдай пайда болған жағдайда Қоғамның шаралар тізбесін (іс-әрекеттер жоспарын) белгілейді;
9) Қоғам Басқармасына ұсынылатын тәуекелдерді басқару бойынша есептер тізбесін бекітеді;
- 10) деректерді электрондық өндеу жүйелерін ішкі бақылаудың, сондай-ақ деректер базасының ақпараттық жүйелерінің сақтаулығын қамтамасыз ету жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді бекітеді;

11) әр тексерістің нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің және сыртқы аудиторлардың есептеріне талдау жүргізеді және Директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шараларды қолдану жөнінде ұсыныстар жасайды.

100. Басқарма мүшелері барлық заңды тәсілдерді қолдана отырып, Қоғамдагы сыйбайлар жемқорлықтың кез келген байқалууларына қарсы әрекет жасауга тиіс. Осы міндеттің орындауына Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес жауап береді.

101. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам Басқарманың Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерінің жарамдылығын даулауға құқылы, егер мәміле жасасу сәтінде таралтар бұл шектеулер туралы білгенін дәлелдесе.

102. Қоғам Басқармасының құрылуы, оның өкілеттіктері, сондай-ақ өкілеттіктерді мерзімнен бұрын тоқтату заңнамага және Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша іске асрылады.

103. Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімі бойынша басқа үйымдарда жұмыс істеуге немесе өзге төленетін, соның ішінде кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Басқарма мүшесі педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметпен айналысқан жағдайда Директорлар кеңесінің рұқсаты қажет емес, Қоғамның Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара іске асыратын тұлғаның, өзге де заңды тұлғаның лауазымын атқаруға құқылы емес.

Басқарма мүшелері залал келтірмеу, Қоғамның қызметін онтайландыру үшін, Басқарма отырысын шақыртуды бастамалау, Басқарма төрағасын ақпараттандыру жолымен немесе басқа да қол жетімді тәсілдермен қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

Басқарма мүшелері Басқарма төрағасына өздері жетекшілік ететін мәселелер шенберінде жұмыстың жағдайы туралы ақпарат береді.

Басқарма мүшелерінің басқа функциялары, құқықтары мен міндеттері заңнамада, Жарғыда, сондай-ақ атаптасу тұлғаның Қоғаммен жасасқан еңбек

шартында белгіленеді. Қоғамның атынан Басқарма тәрағасымен жасалатын еңбек шартына, сондай-ақ өзге шарттарға Директорлар кеңесінің тәрағасы немесе Жалғыз акционер не Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма тәрағасы қол қояды.

104. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады.

105. Басқарма отырысы оның тәрағасының немесе Қоғам Басқармасы мүшелерінің немесе Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің бастамасы бойынша Қоғам Басқармасының барлық мүшелеріне Басқарма отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті хабарламаны жолдау арқылы шақырылуы мүмкін. Материалдарды дайындауды және Басқарма мүшелеріне жолдауды Қоғам Басқармасының хатшысы іске асырады.

Басқарма отырыстарын шақыру, даярлау мен өткізу тәртібі Қоғам Басқармасымен бекітілген ішкі құжаттармен қосымша регламенттелуі мүмкін.

